# 1 Қыркүйек
# білім күні

*Жауапты: Ш.Тлеумбетова*

**2022 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

# *1 Қыркүйек білім күні*

**Мақсаты:**
Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.
Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.
Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.
Барысы: I. Кіріспе бөлім.
Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.
**Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:**
Жаңа қадам жасадым,
Қош болып тұр, бесігім.
Мен қуанып ашамын,
Балабақша есігін.
**Тәрбиеші:** Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!
**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне. бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).
Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.
Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.
(балалардың жауабын тыңдау)
**Тәрбиеші:** Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.
Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
**Балалар:** Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
**Тәрбиеші:** Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?
**Балалар:** Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
**Тәрбиеші:** Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?
**Балалар:** Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.
**Тәрбиеші:** Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?
**Балалар:** Біз Әйтеке би кентінде туып, өмір сүріп жатырмыз.
**Тәрбиеші:** Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?
**Балалар:** «Ханшайым» жеке балабақшасы.

Scanned with CamScanner

**Тәрбиеші:** Өте жақсы балалар. Сендер өздеріңнің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:
Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.

**Тәрбиеші:** Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім — ғылым бастауы, мерекелі
Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Жымыңдап күз келді,
Күліңіз сіз де енді.
Бірінші қыркүйек
Қарсы алшы біздерді!

Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Білім — менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу — айдында
Жайып білім желкенін

Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!

**Тәрбиеші:** Қыркүйектің бірінде,
Кеудем толы ділірге,
Құлақ түйем елеңдеп,
«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
Кітап- білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Оқы да біл,
Ойна да күл.

**Тәрбиеші:** Білім күні құтты болсын!

**Ойын:**Ғажайып қоржын

Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Со

Scanned with CamScanner

заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!

**Тәрбиеші:** Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығың үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

Scanned with CamScanner

# 1-Қыркүйек білім күні



Scanned with CamScanner

# *«Ата Заңым – ардағым!»*

***Жауапты: Л.Есіркепова***

***2022 оқу жылы***

Scanned with CamScanner

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы:**

## *«Ата Заңым – ардағым!»*

**Мақсаты:** Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояталырып, ұлтжанды ұрпаққа тәрбиелеу.Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу, патриоттық сезімін ояту.
**Көрнекіліктер:** Қ.Тоқаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұраны слайд.
**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, өлең, сурет салу, сергіту.
**Ұйымдастыру кезеңі**
- Балалар бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Жақсы Ендеше балалар бір аптада неше күн бар? 7 күн. Біз балабақшаға неше күн келеміз? 5 күн. Ал неше күн демаламыз. Бүгін аптаның қай күні? Жарайсыңдар балалар Ендеше балалар бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Ата Заңым- ардағым» жайлы өтеміз. Балалар, біздің жеріміз орман, тау, көліміз өмір сүретін ортамыз бәрімізге ортақ, осыны ешқашан естеріңнен шығармаңдар Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егемен мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан Республикасы Конституциясы – Қазақстанның Ата заңы.Конституция 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданды. Заңға бағыну тәртіп, ал тәртіп бар жерде тәрбие, тиянақтылық сияқты адамға тән қасиеттер бар. Өз Отанын танып сүюі, өз елінің алдындағы азаматтық борышын орындауы.
- Балалар қане тақпақтарымызға кезек берейік.

Асылжан
Отан деген- Атамекен,
Отан деген – туған жер.
Отан-ана,Отан-пана,
Қазақстан- туған ел.
Ясмина
Тәуелсіз азат елім,
Туып өскен - байтақ жерім.
Мәңгі жайнап тұра бер,
Қазақстаным менің!
Аружан
Біз – еліміздің жас өркеніміз,
Желді керген желкеніміз,
Желбіретер көкте туын
Біз - еліміздің ертеңіміз!
Тәрбиеші: Балалар кім көп біледі ойынын ойнайық.

– Балалар, біз қай елде, қандай мемлекетте тұрамыз?
– Қазақстан Республикасында тұрамыз.
– Қазақстан елордасы қай қала?
– Астана
– Елбасымыз кім?
– Нұрсултан Әбішұлы Назарбаев
– Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білемізбе?
– Иә, олар: Әнұран, Ту, Елтаңба
– Дұрыс балалар. Сендер рәміздер тұралы тақпақтар білесіңдерме?
Сұлтан

Әнұраны елімнің
Шақырады бірлікке
Егеменді халқымның
Болашағыбірлікте
Даниял

Отан туы желбіреп
Көзтартады құбыла
Бізқараймызелжіреп
Туғанжердіңтуына
Ән: Хор Көктудың желбірегені.

Кең жазық Отан мекенім,
Сен де өсіп көктедім
Сені қорғау парызым
Мұны біліп өтемін.

Scanned with CamScanner

Сәуленді шаш еліңе,
Нұрыңды төк жеріңе.
Киелі менің Елордам,
Бақ болып қонған төріме.
Хор: «Көк тудың желбірегені»

Тәуелсіз азат елім
Туып өскен-байтақ жерім.
Мәңгіжайнап тура бер
Қазақстаныммменің!

**Қортынды:**

- Ал енді балалар сабағымызды қорыта келе тудың суретін қағаз бетіне сауатты бейнелеп үйренеміз.

Мемлекеттік ту ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, арай, қыран және ою өрнек алтын түсті ғып бейнелейміз.

Бүгінгі біздің еліміздің Ата заңы – Конституция күнімен барлықтарыңды құттықтаймын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай! Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін! Ана тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін.

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

«Ханшайым жеке балабақшасы»

Тақырыбы:

# Тіл –ел тірегі

Жауапты:Смайлова Ф.

Scanned with CamScanner

# Тіл ел тірегі

**Жүргізуші:** Қайырлы күн!, Құрметті ана тіліміздің меркесіне жиналған қауым!

Тіл мерекесіне орай өткізгелі отырған мерекелік ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер!
**Жүргізуші**: Балалар құтты болсын тілің бүгін
Ашатын жан сарайын білімдерің

Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан

Тіліңе зер салыңдар бұрынғының.

Әнұран:

**Жүргізуші:** Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық.

Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда.

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік дей отырып .Ал енді балалар,тіл туралы ,біздің отанымыз туралы тақпақтарды тыңдайық.

**1.Аянат**
Қазақ тілім өз тілім, ана тілім
Абай , Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені

Болашағым, бақытым дара тілім.

**2.Асылым**
Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,

Мақтанышы елімнің.

**3.Мансұр**
Ана тілің арың бұл

Scanned with CamScanner

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте.

**4.Райым**
Бұл гүлденіп жайнаған
Гүлстандар Отаны!

Бірін-бірі сыйлаған

Туысқандар Отаны!

Бұл ғажайып мұратты

Халықтардың Отаны!

Алтын заман құратын

Алыптардың Отаны!

Сол алыптың бірімін-

Отанымның ұлымын!

**5.Рамина**

Тілім, дінім, самғаған, шарықтасын

Самғаудан еш уақыт жалықпасын

Өз алдында өмірден теңдік алған

Ана тілім көгімде қалықтасын.

**Жүргізуші:** Құлақтан кіріп, бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй

Көңілге сырлы ой салар

Scanned with CamScanner

Әнді сүйсең менше сүй-деп Абай атамыз айтқандай келесі кезекті әсем әнге берейік

Ән топ: Ана-тілін сүйеміз

Жүргізуші:

Қазақ тілім өз тілім ана тілім

Абай,Мұхтар сөйлеген дана тілім

Қастерлейді ұл қызың мәңгілік

Болашағым бақыттым дара тілім

**1.Нұрсая**
Сүйесің өз тіліңді
Боласың білімді

Өз тілің үйретер

Өнерді ғылымды

Ардақта тіліңді

**2.Шахназ**
Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән.

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған.

Ақыл-ойын дананың

Ана тілден аламын.

Ана тілі ардақты,

Ақ сүтіндей ананың.

**Жүргізуші:**

Scanned with CamScanner

Құлақтан кіріп,бойды алар

Әсем әнмен тәтті күй

Көңілге сырлы ой салар

Әнді сүйсең менше сүй деп-Абай атамыз айтқандай.Олай болса «Дос болайық бәрміз» әнін қабыл алыңыздар.

**2-жүргізуші:** Тілсіз жұртым шөптей қурап азады-ау
Туған тілді қорғап бақшы қазақ-ау

Сарқылмайтын қуатпенен күш берген.

Туған тілдің қасиеті ғажап-ау!

Осымен құрметті қонақтар, балалар бүгінгі тіл мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Зейін қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

Scanned with CamScanner






Scanned with CamScanner

«Ханшайым жеке балабақшасы»

Тақырыбы:

# « Қарттарым асыл қазынам!»

Жауапты: Ерғазиева Ә.

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы** : «Қарттарым асыл қазынам»

**Мақсаты:**

1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:**отбасы мүшелерінің суреттері,

**Әдіс-тәсілдер:**әңгімелеу,түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

**Шаттық шеңбер:**

Есеніз бе,қазыналы қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын.
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетіңді жүрегімде сақтармын.

Жарайсыңдар рахмет.Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын,алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)

Атайықшы? (Кыркүйек ,казан, караша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні ,Республика күні)

Дұрыс айтасыңдар .

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күнініне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

**Жұмбақ:**

Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің,
Білер оны сұраған.
Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,
Мейірімді жүзі күлімдеп.
"Тәтті-ақ" дейді немере,
Бал шырындай үнің деп.
Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Scanned with CamScanner

Дұрыс айтасыңдар,балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)
Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)
Жарайсыңдар.
Балалар олай болса біз атамыздың суреттін ермексазбен бейнелейміз. Балалардың алдына Аттаның бейнеленген қағаздар таратылады. Тәрбиешінің көмегімен аттаны бейнелейді.
Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Ибрахим:**
Атамыз-біздің панамыз,
Атамыз-біздің данамыз.
Атадан ақыл аламыз,
Атадай адам боламыз.
**Айлин:**
Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.
**Данияр:**
Немересін жанынан арттық көретін,
Екі еткізбей бәрін алып беретін.
Әжелердің құшағында күн иесі,
Еркелігі үзілместен күлетін.
**Саян:**
Нағашы әжем анамның анасы,
Жиендердің ақылшысы санасы.
Қонақ болып бара қалсаң үйіне,
Бәйек болып қарсы алатын нағашы.
Жарайсыңдар балалар, өтте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.
Ендеше теледидарға назар аударайық.

**Бейне таспаға назар аудару.**
Төлендиев Рауанның орындауындағы "Ата ,әже"әнін тамашалайық .

**Суреттер бойынша әңгіме.**
Балалар сұрақтарға жауап береді.
(Өз ойларын айтады)
Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Scanned with CamScanner

**Сергету сәті:**
Шеңбер болып тұрайық,
Керегені құрайық.
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп.
Қазақ үйді құрайық,
Жарайсыңдар орнымызға отырайық.

**Дидактикалық ойын:** «Кімге не тиесілі»
Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге - ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ.
Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?
(Балалардың жауаптары)
Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы қортындылау.Балаларды мадақтау бағалау.

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# *Балабақшам бақытым!*

Дайындаған: Есіркепова Лиза

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Сәулесі әлем төріне,
Сәбидің пәк жанды үнімен.
Сыр – сезім тасып төгілген,
Шұғылалы шалқар көңілден
Балауса балғын балаға,
Тәлім тәрбие қасиетін,
Тал бесіктен бере білген - деп, балабақшамыздың бүлдіршіндерін қарсылайық.
Қарт Каспийдің жағасынан,
Шаттық күйін тербеткен,
Елімізді әндеткен
Сәби күлкісін гүлдеткен
«Ханшайым» атты бақшаға
8 жыл толды мінекей.
Тарқалмасын қызықтың шағықызған,
Жаңа берсін бақартып бағыңызда.
Құрметпенен ұсындық сізге сөзді,
Ақтарылып көріңіз ағыңыздан,- деп "Ханшайым" жеке балабақшасының меңгерушісі Ш.Қуанышқызына құттықтау сөз кезегін береміз.
Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті,асқақ әні
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық балабақша әнұранын!- деп сіздің құрметіңізге "Жауқазын" тобы қыздарының "Балабақшам-бақытым" әнін қабылалыңыз.
Балабақша өзіңменен мақтанам,
Бағындырар белесің мен шаттанам.
Асқақтатып балалардың мекенін,
Ұстаздардың ақ сенімін ақтаған!-деп бүлдіршіндеріміздің "Аспаздар" биін қабылалыңыздар.
Бүгін туған күніміз,
Қолда шоқ – шоқ гүліміз.
Көңіліміз көркейді,
Көп ән - би, жырымыз!- дей отыра тәрбиешіміз Қорғанбек Гүлстан және сүйкімді бүлдіршініміз Қанабек Асылымның ән шашуын тамашалаңыздар."Ауылым" әні.
Балабақша шаттық толы өмірім.
Балабақша әнім боп та көріндің,
Балабақша анам боп та көріндің. Ортамызда тәрбиеші Есіркепова Лизаны "Жауқазын" тобы бүлдіршіндерімен ортаға шақырамыз. Ән:«Пусть бегут неуклюже» Крокодил Гена.
Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде балабақшамыздың еңбегі зор. Балабақшамыз 2014 жылы Қазан айында ашылып, қазіргі таңда 8 жыл толып отыр. 8 жылда 74түлегімізді балабақшамыздан ұшырып, мектеп табалдырығына аттандырдық. 2014-2022 жылдар аралығында

Scanned with CamScanner

балабақшамыздың қызметкерлері аудан, облыс әкімдерінен алғыс хаттарға ие болды.

Жас балғынның өзгеше дарын әні
Әнші , биші біздерден табылады.
Мың бұралып би билеп, ән шырқауға
Дарын әркез ауылдың әр ұланы. Ортаға «До ре ми» биімен бүлдіршін қыздарымызды қарсы алайық.

Домбырасыз ән қайда
Домбырасыз сән қайда
Ән мен күй бар өмірде
Отта лаулап жанбайма?

Қазақтың ұлттық әндерінен попурри.

Тәрбиеші— таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға хақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету – сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтаңыз.

Хор. «Біз бақытты баламыз».

Құрметті балабақша қызметкерлері бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. Өскелең ұрпақ, өнегелі тәрбиешіден тәлім алып білім нәрімен сусындайды. Шәкірттеріңіз сеніміңізді ақтап, ерен еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Осымен «Балабақшам-бақытым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Күніміз нұрлы болсын!

Scanned with CamScanner

# Балабақшам бақытым!

















Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# *Балабақшам бақытым!*

Дайындаған: Есіркепова Лиза

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Сәулесі әлем төріне,
Сәбидің пәк жанды үнімен.
Сыр – сезім тасып төгілген,
Шұғылалы шалқар көңілден
Балауса балғын балаға,
Тәлім тәрбие қасиетін,
Тал бесіктен бере білген - деп, балабақшамыздың бүлдіршіндерін қарсылайық.
Қарт Каспийдің жағасынан,
Шаттық күйін тербеткен,
Елімізді әндеткен
Сәби күлкісін гүлдеткен
«Ханшайым» атты бақшаға
8 жыл толды мінекей.
Таркалмасын қызықтың шағықызған,
Жана берсін бақартып бағыңызда.
Құрметпенен ұсындық сізге сөзді,
Ақтарылып көріңіз ағыңыздан,- деп "Ханшайым" жеке балабақшасының меңгерушісі Ш.Қуанышқызына құттықтау сөз кезегін береміз.
Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті,асқақ әні
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық балабақша әнұранын!- деп сіздің құрметіңізге "Жауқазын" тобы қыздарының "Балабақшам-бақытым" әнін қабылалыңыз.
Балабақша өзіңменен мақтанам,
Бағындырар белесің мен шаттанам.
Асқақтатып балалардың мекенін,
Ұстаздардың ақ сенімін ақтаған!-деп бүлдіршіндеріміздің "Аспаздар" биін қабылалыңыздар.
Бүгін туған күніміз,
Қолда шоқ – шоқ гүліміз.
Көңіліміз көркейді,
Көп ән - би, жырымыз!- дей отыра тәрбиешіміз Қорғанбек Гүлстан және сүйкімді бүлдіршініміз Қанабек Асылымның ән шашуын тамашалаңыздар."Ауылым" әні.
Балабақша шаттық толы өмірім.
Балабақша әнім боп та көріндің,
Балабақша анам боп та көріндің. Ортамызда тәрбиеші Есіркепова Лизаны "Жауқазын" тобы бүлдіршіндерімен ортаға шақырамыз. Ән:«Пусть бегут неуклюже» Крокодил Гена.
Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде балабақшамыздың еңбегі зор. Балабақшамыз 2014 жылы Қазан айында ашылып, қазіргі таңда 8 жыл толып отыр. 8 жылда 74түлегімізді балабақшамыздан ұшырып, мектеп табалдырығына аттандырдық. 2014-2022 жылдар аралығында

Scanned with CamScanner

балабақшамыздың қызметкерлері аудан, облыс әкімдерінен алғыс хаттарға ие болды.

Жас балғынның өзгеше дарын әні
Әнші , биші біздерден табылады.
Мың бұралып би билеп, ән шырқауға
Дарын әркез ауылдың әр ұланы. Ортаға «До ре ми» биімен бүлдіршін қыздарымызды қарсы алайық.

Домбырасыз ән қайда
Домбырасыз сән қайда
Ән мен күй бар өмірде
Отта лаулап жанбайма?

Қазақтың ұлттық әндерінен попурри.

Тәрбиеші— таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға хақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету – сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңы «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбе барын есте сақтаңыз.

Хор. «Біз бақытты баламыз».

Құрметті балабақша қызметкерлері бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. Өскелең ұрпақ, өнегелі тәрбиешіден тәлім алып білім нәрім сусындайды. Шәкірттеріңіз сеніміңізді ақтап, ерен еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Осымен «Балабақшам-бақытым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Күніміз нұрлы болсын!

Scanned with CamScanner

# Балабақшам бақытым!















Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# «Алтын күз!»

Дайындаған: Қорғанбек Гүлстан

Кенже Шынар

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы: «Алтын күз!»**

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді айтқызу. Балаларды күз ерекшеліктерімен таныстыру, күзгі еңбекпен таныстыру. Күз мезгіліне сай ән, тақпақтар жаттатып айтқызу.

Ибраһим: Армысыздар, құрметті қонақтар!

Берекелі алтын күз құтты болсын.

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Шара апай: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Алтын күз ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Бүгінгі бүлдіршіндеріміздің «Алтын күз» мерекесіне дайындаған қолөнер бұйымдарын қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Армысыздар қадірлі қонақтар! Бүгін біз жыл мезгіліндегі ең тамаша- «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

«Алтын күз», әсем айналам,
Еліне береке сыйлаған
Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз -ырыс,береке,бірлік ала келді.

«Жауқазын» тобының бүлдіршіні Жұлдызайдың орындауында «Күз келгенде» әнін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Күз айы мерекелі ай. Қырман толып,халқымыздың ырысы артатын берекелі ай. Келесі күзге дейін жүрегімізде есте қалатындай арман сезімін себелейтін, үнемі асқақ мұраттарға жетелеп отыратын қасиетті ай. Ендеше халайық келіп отырған «Алтын күз» мерекесі әрбір жанға құт пен береке,ырыс пен табыс әкелсін демекпіз. Бүгінгі «Алтын күзге» арналған мерекелік ертеңгілігіміздің арнайы «Жауқазын» ересек тобының «Сән үлгісін» тамашалаңыздар!

Балалардың аты-жөні:

Scanned with
CamScanner

Ән: «Жауқазын» тобының бүлдіршіндерінің ән шашуын тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Біздің «Балдырған» тобының **«Алтын күз»** мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!

Бүгін мейрам, бүгін той

Қуаныш күн, біліп қой

Күзгі бақта сыңғырлап

Алақанды ұрып қой.

Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі. Осы табиғаттың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі, жақсылығы әр түрлі мерекесі,берекесі бар. Соның ішінде күз мезгілінің алатын орны ерекше.

Би: «Балдырған» тобының «Жемістер» биін тамашалаңыздар.

Қуандырып біздерді,кел жемісті алтын күз.

Өлкемізге күз келді,кемелденсін халқымыз.

Жеміс мол теретін,күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін,жомарт екен күз деген.

Бүгінгі «Балдырған» тобының дайындаған жемісті «Сән үлгісін» тамашалаңыздар!

Балалардың аты-жөні:

Хор: «Күзгі вальс»

Құрметті қонақтар бүгінгі «Алтын күз» ертеңгілігімізді аяқтамас бұрын балабақшамыздың меңгерушісі Шынар Қуанышқызына сөз кезегін береміз.

Рахмет апай!

Бүгінгі «Алтын күз» ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті Келесі кездескенше!

Сау саламатта болыңыздар!

Scanned with CamScanner

# Алтын күз!














Тәрбиеші: Г.Қорғанбек
Ш.Кенже

Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# Жасыл шырша жанында!

Дайындаған: Г.Қорғанбек

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Қош келдің,Жаңа жыл!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер және кішкентай бүлдіршіндер.«Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді саналы ұрпақты, сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ханшайым» жеке балабақшасының меңгерушісі: Шынар Куанышқызына сөз кезегін береміз.

Балалар бізге ортамызға кім жетіспей тұрған секілді,Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. Қанекей ендеше балалар бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата,Аяз ата Ақшақар.

**Аяз ата:**

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге Шаршая келді алыстан.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

**Балалар:** Сәлеметсіз бе!

**Ақшақар:**

Сәлеметсіздер ме, балалар. **Жаңа жылдарың құтты болсын!**
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы

Scanned with CamScanner

Жалт-жұлт етқен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші.:** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, сәлеметсіз бе, Ақшақар. Алыс жолдан шашап келдіңіз.Біздің балаларымыздың сіздерге арнаған әндері,билері бар төрлетіп жайғасып тамашалап отырыңыздар.

Би: Попурри ән!

Жүргізуші:Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Өткен жылға ешкімнің өкпесі жоқ шығар, "Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл - жарылқасын" демей ме?! Ортамызға тарихтан өтер "Барыс" жылы келе жатқан көрінеді. Ескі жылымызды есімізге түсіріп, еңсемізді көтеріп қарсы алсақ, қалай қарайсыздар?

Барыс жылы:

Ырр.. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын, таныспын.

Айналама сыйлымын, сыйлымын,

Сезімсізбен алыстым,алыстым.

Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін.

Жыл басы болуға, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші:Салеметсің бе ,барысжан ,қош келдің !Жаңа жыл құтты болсын! Сізге ескі жылда ешқандай өкпеміз жоқ,алғысымыз шексіз.Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп,ән салып,би билейік.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Менде тұрмын құр қалып

Шаттанайық қуаныш.

Ескі жылымыздың құрметіне «Жауқазын» ересек тобының Маша мен аю биін тамашалаңыздар.

Scanned with
CamScanner

Жүргізуші: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Балалар бізге Жаңа жыл келіп тұрған секілді.

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

(Жаңа Қоян жылы келеді.)

Жаңа жыл:Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Мен қоянмын,қоянмын

Жылы жүзді ноянмын.

Жүргізуші: Сәлемітсіз бе! Жаңа жыл қош келдіңіз! Төрлетіңіз,бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға шақырамын.

Барыс жылы: Рахмет көп көп! Менің де сендермен қоштасатын сәтім де жетті,Сіздерге мың алғыс, Қош сау болыңыздар!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылымызбен бірге қанекей балалар **Попурри** биін бірге билейік.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Scanned with CamScanner

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Аяз ата: Тоқта,бізде құр қол келген жоқпыз Ақшақармен дайындаған өнеріміз бар қане бәріміз ортаға шығып бірге ән айтайық.

Рахмет көп көп Аяз ата ендеше біздің де ұлдарымыздың да өнері бар Тамашалаңыз

Би; Буратино би

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым. Мені бүгін қуантып,алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды,білім ді өнерлі екенсіңдер.Киген киімдерің қандай әдемі,Солай емес Ақшақар!Біз сендерге көптеген сыйлықтар әкелдім,соны сіздерге табыстайын.Ал енді біз жолға шығайық.Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал,балаларым,сендер өсе беріңдер,өркендер беріңдер.Аспандарың ашық болсын!Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар,балалар Қош келдің Жаңа жыл! Жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды.Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.Жаңа жыл құтты болсын,отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.

Scanned with CamScanner

# Жасыл шырша жанында!











Тәрбиеші:Қорғанбек.Г Ересек "Жауқазын" тобы

Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# *Жасыл шырша жанында!*

Дайындаған: Ә.Ерғазиева

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Қош келдің,Жаңа жыл!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер және кішкентай бүлдіршіндер.«Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді саналы ұрпақты, сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ханшайым» жеке балабақшасының меңгерушісі: Шынар Қуанышқызына сөз кезегін береміз.

Балалар бізге ортамызға кім жетіспей тұрған секілді,Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. Қанекей ендеше балалар бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата,Аяз ата Ақшақар.

**Аяз ата:**

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге Шаршап келді алыстан.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

**Балалар:** Сәлеметсіз бе!

**Ақшақар:**

Сәлеметсіздер ме, балалар. **Жаңа жылдарың құтты болсын!**
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы

Scanned with CamScanner

Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші.:** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, сәлеметсіз бе, Ақшақар. Алыс жолдан шашап келдіңіз.Біздің балаларымыздың сіздерге арнаған әндері,билері бар төрлетіп жайғасып тамашалап отырыңыздар.

Би: Жаңа жыл!

Жүргізуші:Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Өткен жылға ешкімнің өкпесі жоқ шығар, "Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл - жарылқасын" демей ме?! Ортамызға тарихтан өтер "Барыс" жылы келе жатқан көрінеді. Ескі жылымызды есімізге түсіріп, еңсемізді көтеріп қарсы алсақ, қалай қарайсыздар?

Барыс жылы:

Ырр.. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын, таныспын.

Айналама сыйлымын, сыйлымын,

Сезімсізбен алыстым,алыстым.

Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін.

Жыл басы болуға, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші:Салеметсің бе ,барысжан ,қош келдің !Жаңа жыл құтты болсын! Сізге ескі жылда ешқандай өкпеміз жоқ,алғысымыз шексіз.Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп,ән салып,би билейік.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Менде тұрмын құр қалып

Шаттанайық қуанып.

Ескі жылымыздың құрметіне «Жауқазын» ересек тобының Маша мен аю биін тамашалаңыздар.

Scanned with CamScanner

Жүргізуші: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам он болсын.
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Балалар бізге Жаңа жыл келіп тұрған секілді.

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

(Жаңа Қоян жылы келеді.)

Жаңа жыл:Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Мен қоянмын,қоянмын

Жылы жүзді ноянмын.

Жүргізуші: Сәлемітсіз бе! Жаңа жыл қош келдіңіз! Төрлетіңіз,бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға шақырамын.

Барыс жылы: Рахмет көп көп! Менің де сендермен қоштасатын сәтім де жетті,Сіздерге мың алғыс, Қош сау болыңыздар!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылымызбен бірге қанекей балалар **Көжектер** биін бірге билейік.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Scanned with CamScanner

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым. Мені бүгін қуантып,алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды,білім ді өнерлі екенсіңдер.Киген киімдерін қандай әдемі,Солай емес Ақшақар!Біз сендерге көптеген сыйлықтар әкелдім,соны сіздерге табыстайын.Ал енді біз жолға шығайық.Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал,балаларым,сендер өсе беріңдер,өркендер беріңдер.Аспандарың ашық болсын!Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар,балалар Қош келдің Жаңа жыл! Жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды.Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.Жаңа жыл құтты болсын,отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.

Scanned with CamScanner

# Жасыл шырша жанында!









Тәрбиеші: Ерғазиева.Ә . Ортаңғы "Балдырған" тобы

Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# *Жасыл шырша жанында!*

Дайындаған: Г.Қорғанбек

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Қош келдің,Жаңа жыл!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер және кішкентай бүлдіршіндер.«Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді саналы ұрпақты, сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ханшайым» жеке балабақшасының меңгерушісі: Шынар Қуанышқызына  сөз кезегін береміз.

Балалар бізге ортамызға кім жетіспей тұрған секілді,Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. Қанекей ендеше балалар бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата,Аяз ата Ақшақар.

**Аяз ата:**

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге Шаршап келді алыстан.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

**Балалар:** Сәлеметсіз бе!

**Ақшақар:**

Сәлеметсіздер ме, балалар. **Жаңа жыл**дарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы

Scanned with CamScanner

Жүргізуші: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Балалар бізге Жаңа жыл келіп тұрған секілді.

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

(Жаңа Қоян жылы келеді.)

Жаңа жыл:Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Мен қоянмын,қоянмын

Жылы жүзді ноянмын.

Жүргізуші: Сәлемітсіз бе! Жаңа жыл қош келдіңіз! Төрлетіңіз,бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға шақырамын.

Барыс жылы: Рахмет көп көп! Менің де сендермен қоштасатын сәтім де жетті,Сіздерге мың алғыс, Қош сау болыңыздар!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылымызбен бірге қанекей балалар **Попурри** биін бірге билейік.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Жаңа жылдың таны неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Scanned with CamScanner

Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші.:** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, сәлеметсіз бе, Ақшақар. Алыс жолдан шашап келдіңіз.Біздің балаларымыздың сіздерге арнаған әндері,билері бар төрлетіп жайғасып тамашалап отырыңыздар.

Би: Попурри ән!

Жүргізуші:Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Өткен жылға ешкімнің өкпесі жоқ шығар, "Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл - жарылқасын" демей ме?! Ортамызға тарихтан өтер "Барыс" жылы келе жатқан көрінеді. Ескі жылымызды есімізге түсіріп, еңсемізді көтеріп қарсы алсақ, қалай қарайсыздар?

Барыс жылы:

Ырр.. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын, таныспын.

Айналама сыйлымын, сыйлымын,

Сезімсізбен алыстым,алыстым.

Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін.

Жыл басы болуға, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші:Салеметсің бе ,барысжан ,қош келдің !Жаңа жыл құтты болсын! Сізге ескі жылда ешқандай өкпеміз жоқ,алғысымыз шексіз.Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп,ән салып,би билейік.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Менде тұрмын құр қалып

Шаттанайық қуанып.

Ескі жылымыздың құрметіне «Жауқазын» ересек тобының Маша мен аю биін тамашалаңыздар.

Scanned with CamScanner

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Аяз ата: Тоқта,бізде құр қол келген жоқпыз Ақшақармен дайындаған өнеріміз бар қане бәріміз ортаға шығып бірге ән айтайық.

Рахмет көп көп Аяз ата ендеше біздің де ұлдарымыздың да өнері бар Тамашалаңыз

Би; Буратино би

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым. Мені бүгін қуантып,алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды,білім ді өнерлі екенсіңдер.Киген киімдерің қандай әдемі,Солай емес Ақшақар!Біз сендерге көптеген сыйлықтар әкелдім,соны сіздерге табыстайын.Ал енді біз жолға шығайық.Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал,балаларым,сендер өсе беріңдер,өркендер беріңдер.Аспандарың ашық болсын!Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар,балалар Қош келдің Жаңа жыл! Жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды.Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.Жаңа жыл құтты болсын,отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.

Scanned with CamScanner

# Жасыл шырша жанында!







Тәрбиеші:Қорғанбек.Г Ересек "Жауқазын" тобы

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# *Жасыл шырша жанында!*

Дайындаған: Ә.Ерғазиева

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Қош келдің,Жаңа жыл!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер және кішкентай бүлдіршіндер.«Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді саналы ұрпақты, сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ханшайым» жеке балабақшасының меңгерушісі: Шынар Қуанышқызына  сөз кезегін береміз.

Балалар бізге ортамызға кім жетіспей тұрған секілді,Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. Қанекей ендеше балалар бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата,Аяз ата Ақшақар.

**Аяз ата:**

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Атаңарың сендерге Шаршап келді алыстан.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

**Балалар:** Сәлеметсіз бе!

**Ақшақар:**

Сәлеметсіздер ме, балалар. **Жаңа жылдарың құтты болсын!**
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы

Scanned with CamScanner

Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші.:** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, сәлеметсіз бе, Ақшақар. Алыс жолдан шашап келдіңіз.Біздің балаларымыздың сіздерге арнаған әндері,билері бар төрлетіп жайғасып тамашалап отырыңыздар.

Би: Жаңа жыл!

Жүргізуші:Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Өткен жылға ешкімнің өкпесі жоқ шығар, "Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл - жарылқасын" демей ме?! Ортамызға тарихтан өтер "Барыс" жылы келе жатқан көрінеді. Ескі жылымызды есімізге түсіріп, еңсемізді көтеріп қарсы алсақ, қалай қарайсыздар?

Барыс жылы:

Ырр.. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын, таныспын.

Айналама сыйлымын, сыйлымын,

Сезімсізбен алыстым,алыстым.

Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін.

Жыл басы болуға, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші:Салеметсің бе ,барысжан ,қош келдің !Жаңа жыл құтты болсын! Сізге ескі жылда ешқандай өкпеміз жоқ,алғысымыз шексіз.Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп,ән салып,би билейік.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Менде тұрмын құр қалып

Шаттанайық қуанып.

Ескі жылымыздың құрметіне «Жауқазын» ересек тобының Маша мен аю биін тамашалаңыздар.

Scanned with CamScanner

Жүргізуші: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам он болсын.
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Балалар бізге Жаңа жыл келіп тұрған секілді.

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

(Жаңа Қоян жылы келеді.)

Жаңа жыл:Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Мен қоянмын,қоянмын

Жылы жүзді ноянмын.

Жүргізуші: Сәлемітсіз бе! Жаңа жыл қош келдіңіз! Төрлетіңіз,бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға шақырамын.

Барыс жылы: Рахмет көп көп! Менің де сендермен қоштасатын сәтім де жетті,Сіздерге мың алғыс, Қош сау болыңыздар!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылымызбен бірге қанекей балалар **Көжектер** биін бірге билейік.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Жаңа жылдың таны неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# Дені саудың – жаны сау!

Дайындаған: Қорғанбек Гүлстан

2023 жыл

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Дені саудың – жаны сау!

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Дамытушылық: өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті бүлдіршіндер және әріптестер.Бүгінгі «Дені саудың – жаны сау»атты спорттық сайысқа қош келдіңіздер!

Спорт – көркі өмірдің,
Спорт- досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боларсың,
Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

Ортаға сайысқа қатысушы топтарды шақырамыз!

1. **Қыран тобы**
2. **Тұлпар тобы**
3. **Сұңқар тобы**

Сайысымызды бастамас бұрын әділқазы алқаларымен таныстырып өтейін:

**1. Балабақша әдіскері: Нағашыбайқызы Әйгерім**

**2.Балабақша медбикесі: Ахметова Самал**

**3.Балабақша шаруашылық меңгерушісі Алдашова Жанар**

Сайысымыз 3 – 5 балдық жүйемен бағаланады. Әр сайыс өткен сайын әділқазы алқалары балдық жүйемен бағалайды.

**Сайысымыз «6» турдан тұрады.**

1.Топтын аты,ұраны,таныстыру.

2. Аққала жасау

3.Ақ стакан

4.Трубочка фигуралар

5.Дөңгелекшемен шарикті жеткізу

6.Стакандағы суды жеткізу

Ендеше жарысымызды бастайық, топтарға іске сәт.

**1 – ойын.** Топтын аты,ұраны,эмблемамен таныстыру. Әр топ өз топтарын таныстыру қажет.

**1. Қыран тобы**

Scanned with CamScanner

**2. Тұлпар тобы**

**3. Сұңқар тобы**

1 – ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**2 – ойын.** Аққала жасау. Ойын шарты: Әр топ алдарыңызда тұрған заттарды пайдаланып аққала жасап шығару қажет. Аққала толық жасақталу керек.

2– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**3 – ойын**. Трубочка фигуралар. Ойын шарты: Үстел үстінде тұрған фигураларды бөліп жасақталу қажет. Үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелек бұрыштарын жеке-жеке жинақтау қажет. Бұл жарысқа тек топтағы балалар ғана қатысады.

3– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

4 – ойын Ақ стакан Ойын шарты: Ақ стакандағы сандарды рет ретімен қою.

4 – ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**5 - ойын.** Дөңгелекшемен шарикті жеткізу. Ойын шарты: Үлкен дөңгелекпен шарикті кедергілердің арасымен өткізіп жүру,келесі ойыншыға табыстау.

5– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**6– ойын** Стакандағы суды жеткізу. Ойын шарты: Бұл ойынға топ басшылары қатысады,су толы стаканды суды төкпей,бумағаны жыртпай белгіленген жерге жеткізу қажет.

6– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**Жүргізуші:** Құрметті әріптестер, балалар!
Бүгінгі ұйымдастырылған «Дені саудың - жаны сау!» атты спорттық сайысымызды қорытындылап, әділ шешімді әділ қазылардан күтеміз.

Осымен спорттық жарысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

Scanned with CamScanner

# Дені саудың-жаны сау!













Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы!

Тақырыбы:

# Аққоян!

Дайындаған: Қорғанбек Гүлстан

2023 жыл

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Аққоян!

Мақсаты: Балалардың ой танымдылығын жетілдіру. Ұсақ маторикасын дамыту, пішіндерді орналастыру, түстерді ажырата білуге, сергіту жаттығуларын сапалы орындауға тәрбиелеу.

Кіріктірілген іс-әрекет:

Сәлемдесу: Сәлеметсіздерме балалар!

Балалар топқа кіріп шеңберге тұрады. Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті қане қонақтармен сәлемдесейік.

Жұмбақ: Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады. «Қоян»

**Тәрбиеші:** Балалар, сендер ақ қоянды ұмытқан жоқсыңдар ма?
Жаңа жыл мерекесінде сендермен бірге ән айтып, би белеген ақ қоян бізге қонаққа келді. Балалар, қараңдаршы қолында қандай үлкен сәбізі бар.
Балалар қоянның екі түрі болады?
1. Аққоян
2. Сұр қоян
Аққояндар далада,орманда мекендейді.Олар жасыл шөптермен қоректенеді.
Ал сұрқояндар үйде мекендейді. Оларды шөптермен,қырыққабатпен әсіресе сәбізбен қоректенеді.
Қояндар өте жылдам жүгіреді. Қоянның алдыңғы аяғы қысқа болады да,артқы аяғы ұзын болып келеді. Қоян сәбіз жегенді қатты жақсы көреді.
Қоянның екі құлағы,екі қолы,төрт аяғы және бір мұрны мен аузы бар.
Ендеше балалар мен сендерге алыстан қоян әкелдім,сол қоянымыздың қарны ашып қалыпты, қане бәріміз қоянды сәбізбен тамақтандырайықшы.
Мен сіздерге сұрақ қоямын,сұраққа жауап берген адам қоянды тамақтандырады.

1. Қоян нешеге бөлінеді? Екіге-Аққоян және Сұрқоян
2. Қоянның неше құлағы бар? Екі құлағы бар.
3. Қоянның неше аяғы бар? Төрт аяғы бар.
4. Қоянның неше мұрны бар? Бір мұрны бар.
5. Қоянның неше қолы бар? Екі қолы бар.

Жарайсыңдар балалар! Бәріміз қоянды сәбізге тойдырдық.
Енді балалар: Мен сендерді үш топқа бөлгім келіп тұр.

1. Қызыл түсті
2. Көк түсті
3. Сары түсті

Сіздерді үш топқа бөліп болдым. Енді алдарыңыздағы жұмысты таныстырып өтейін:

1. Қызыл түсті топ:Аққоянның бейнесін гуашь арқылы,қысқыш губкамен батырып бейнесін шығару.

Scanned with CamScanner

2. Көк түсті топ: Аққоянды киіндіреміз. Аққоянның мұрнын,аузын,құлағын,қолын,аяғын дене мүшелерін түгелдеп желіммен жабыстырамыз.
3. Сары түсті топ: Аққоянның жақсы көретін сәбізін құрастырамыз. Сәбізді бір-бірінің үстіне қою арқылы құрастырамыз.

Жарайсыңдар балаларым! Менің балаларым тапсырмаларымды өте керемет орындады.
Ендеше балалар қолымыз шашап қалған шығар! Тыныс алу жаттығуларын жасап жіберейік.
Алдарыңа ақ ұлпадан жасалған зат беремін,бәріміз соны терең демалып ішімізге демімізді жинап,үрлейміз. Ақ ұлпа сол кезде қар сияқты борандайды.
Жарайсыңдар балалар!
Ендеше бүгінгі кіріктірілген іс-әрекетімізді қорытындылайық. Сіздерге сұрақ қою арқылы:

1. Қоянның неше түрі бар? Екі түрі бар.
2. Кім жылдам жүгіреді? Қоян
3. Қане кім қоян болып секіреді? Балалар

Жарайсыңдар балалар! Бүгінгі кіріктірілген іс-әрекет аяқталды.
Сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner

# Тақырыбы "Аққоян"













Тәрбиеші:Қорғанбек Гүлстан

Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

**Тақырыбы:**

# Қазақтың ұлттық ыдыстары!

**Дайындаған: Есіркепова Лиза**

**2023 жыл**

Scanned with CamScanner

**"Қазақтың ұлттық ыдыстары"**

1. Сәлемдесу.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Қалдарың қалай?

Көңіл күйлерің қалай?

Балалар, міне тағы бір күн туды. Бүгінгі күнді жақсы көңіл күймен карсы алып, бір-бірімізге сәттілік тілейікші.

2. Ал, ендеше балалар, бүгінгі кіріктірілген іс-әрекетімізді бастайық. Тақырыбы: "Қазақтың ұлттық ыдыстары". Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын сендер тауып көріңдерші.

Шәйнек, кесе-пиала

Оларсыз шәй құя ма?

Қасықсыз тамақ жемейді

Бәрінің атын не дейді.

(Ыдыстар)

Ыдыс дегеніміз балалар, біздің күнделікті тұрмыста қолданатын заттарымыз. Ыдыстарға шәйнек, кесе, қасық, тәрелке, қазан т.б жатады. Бұл ыдыстарды біз күнделікті қолданамыз. Ал, енді балалар, мен сендерді "қазақтың ұлттық ыдыстарымен таныстырып өтейін. Мынау не екен балалар? Кесе.

Мұнымен не істейді? Шәй, су, қымыз, сүт, айран ішеді.

Ал, мынау не? Торсық. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып, тіліп, тобылғы ағашымен ыстайды.

Ал мынау ожау екен.

Балалар бұрынғы ата-бабамыз, ыдыс-аяқтарды, алғашқыда теріден және ағаштан жасаған.

Себебі: азық салуға және ас дайындауға сынбайтын ыдыс қажет болды. Шеберлер асқа дайындалатын ыдысты тек таза заттардан, яғни емен, қайың ағашынан жасаған. Ыдыстарды негізінен қайыңнан жасаған. Өйткені қайың

Scanned with CamScanner

мықты ағаш. Әбден кепкен қайыңда иісте, шайырда болмайды. Оған құйылған астың дәмі бұзылмайды.

Балалар, енді ұстаханаға барып, саяхат жасап қайтайық.

Енді орнымызға отырып тапсырма орындайық.

Тыныс алу жаттығуы "Шәйді суыт" деп аталады.

Анам құйып берген шәйді суытайық.

Мақсаты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кеседегі шәйді балалар үрлеп суытады. Ондағы шәйдің ыстық екендігі түсіндіріледі. Суытып болған соң оны ішіп, дәміне тамсанады.

Балалар орнымыздан тұрып, ортаға шығып қазақтың ұлттық ойыны: теңге алу ойынын ойнайық.

Балалар бүгінгі кіріктірілген іс- әрекетімізден не түсіндіңдер?

Сонымен ыдыстар дегеніміз не?

Ыдыстар қандай болады?

Бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады ма?

Scanned with CamScanner











Scanned with CamScanner

«Ханшайым»жеке балабақашасы

Тақырыбы:

# Аққала!

Тәрбиеші: Ерғазиева.Ә

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсатты: Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін бекіте отырып,ойлау және есте сақтау қабілетерін арттыру. Аққаланы құрастыруға оны топпен бірге желімдеуге үйрету.

Балалар апайымен көңілді әуенмен кіріп аманадасады.

Кіріктелген іс-әркет.

Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

Төрт: Қыс, көктем, жаз, күз.

Балаларға қыс мезгілі туралы түсіндіру аққаланың суреттімен таныстыру.

Балаларды топқа бөлу.Балалар үш топқа бөлінеді.

Қызыл,Жасыл,Сары.

Ғажайып сәт:

Есік қағылады балалар бізге қонақ келген сияқты есікті ашып көриін кім келгенін.

Балалар кім келді бізге қонаққа?

Аққала дұрыс айтасыңдар балалар.

Қараңдаршы балалар аққалының түсі қандай?

Ақ

Аққала неше бөліктен тұрады?

Үш

Аққала балаларға жұмбақ жасырады.

1.Қыста ғана болады

Ұстасаң қолың тонады (Қар)

2.Шелек қалпақ басында

Scanned with CamScanner

Сәбіз екен танауы

Қыста қардан туатын

Тауып көрші,сен оны(Аққала) дұрыс айтасыңдар балалар сендер қандай аққылды балаларсыңдар.Мен сендерге көмектесейін.

Қызыл топтағы балалар. Аққаланы құрастырады

Жасыл топтағы балалар.Ұнақталған жармадан аққаланың бейнесін салады.

Сары топтағы балалар .Ақ қағаздың бетіндегі бейнеленген аққаланы нүкте арқылы толықтырады.

Әр топтағы балалардан не жасағанын тәрбиеші сұрап бағалайды.

Ойын: Сыңарын тап.

Мақсатты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Түстерді танып ажырата білу.

Балалар қолғаптың екенші сыңарын тауып қасына қойады.

Балалардың бәрі ортаға шығып аққаланы құрастырады.

Қортынды: Балалар қыста күн қандай болады?

Салқын.

Қыста не жауады?

Қар.

Аққала жасау үшін қолымызға не киеміз?

Қолғап.

Балалар бізге қонақа кім келді?

Аққала .Дұрыс айтасыңдар балалар бүгінгі кіріктелген іс-әркетіміз ұнадыма?

Иә.

Келген қонақ апайларымен ағайлармен сау балыңыздар деп қоштасамыз.

Сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# Қазақтың ұлттық ыдыстары!

Дайындаған: Есіркепова Лиза

2023 жыл

Scanned with CamScanner

**"Қазақтың ұлттық ыдыстары"**

1. Сәлемдесу.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Қалдарың қалай?

Көңіл күйлерің қалай?

Балалар, міне тағы бір күн туды. Бүгінгі күнді жақсы көңіл күймен қарсы алып, бір-бірімізге сәттілік тілейікші.

2. Ал, ендеше балалар, бүгінгі кіріктірілген іс-әрекетімізді бастайық. Тақырыбы: "Қазақтың ұлттық ыдыстары". Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын сендер тауып көріңдерші.

Шәйнек, кесе-пиала

Оларсыз шәй құя ма?

Қасықсыз тамақ жемейді

Бәрінің атын не дейді.

(Ыдыстар)

Ыдыс дегеніміз балалар, біздің күнделікті тұрмыста қолданатын заттарымыз. Ыдыстарға шәйнек, кесе, қасық, тәрелке, қазан т.б жатады. Бұл ыдыстарды біз күнделікті қолданамыз. Ал, енді балалар, мен сендерді "қазақтың ұлттық ыдыстарымен таныстырып өтейін. Мынау не екен балалар? Кесе.

Мұнымен не істейді? Шәй, су, қымыз, сүт, айран ішеді.

Ал, мынау не? Торсық. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып, тіліп, тобылғы ағашымен ыстайды.

Ал мынау ожау екен.

Балалар бұрынғы ата-бабамыз, ыдыс-аяқтарды, алғашқыда теріден және ағаштан жасаған.

Себебі: азық салуға және ас дайындауға сынбайтын ыдыс қажет болды. Шеберлер асқа дайындалатын ыдысты тек таза заттардан, яғни емен, қайың ағашынан жасаған. Ыдыстарды негізінен қайыңнан жасаған. Өйткені қайың

Scanned with CamScanner

мықты ағаш. Әбден кепкен қайыңда иісте, шайырда болмайды. Оған құйылған астың дәмі бұзылмайды.

Балалар, енді ұстаханаға барып, саяхат жасап қайтайық.

Енді орнымызға отырып тапсырма орындайық.

Тыныс алу жаттығуы "Шәйді суыт" деп аталады.

Анам құйып берген шәйді суытайық.

Мақсаты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кеседегі шәйді балалар үрлеп суытады. Ондағы шәйдің ыстық екендігі түсіндіріледі. Суытып болған соң оны ішіп, дәміне тамсанады.

Балалар орнымыздан тұрып, ортаға шығып қазақтың ұлттық ойыны: теңге алу ойынын ойнайық.

Балалар бүгінгі кіріктірілген іс- әрекетімізден не түсіндіңдер?

Сонымен ыдыстар дегеніміз не?

Ыдыстар қандай болады?

Бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады ма?

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# Геометриялық пішіндер!

Дайындаған: Смайлова Фариза

2023 жыл

Scanned with CamScanner

Білім беру саласы: Таным
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру
Мақсаты: Геометриялық пішіндер және олардың түстері туралы түсініктерін бекіту.
Дамытушылық: Балалардың дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Тәрбиелік: Балаларды ұқыптылыққа, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап,логикалық тапсырма, топтық жұмыс.
Көрнекілік: Интерективный тақта. Әдемі түстермен (геометриялық пішіндермен) үй суреті, геометриялық пішіндердің суреті, т.б.

Сабақтың барысы:
I. Ұйымдастыру кезеңі:
Шаттық шеңбер:
Сәлем деймін достарға
Сәлем деймін құстарға.
Сәлем деймін құрдасқа,
Сәлем деймін ұстаздарға.
Кім маған айтады:
-Қазір жылдың қай мезгілі? -Қазір жылдың көктем мезгілі.
-Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде үш ай бар? (Наурыз, сәуір, мамыр)
-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап жіберейікші?
-Күн жылынады, қар ериді, құстар жылы жақтан ұшып келеді.

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру
Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын. Қане тыңдайықшы:
Жұмбақ жасыру
. Төрт қабырғасы тең болса,
Төрт бұрышы тең болса,
Жауап берер балақай,
Ой өрісі кең болса,
Бұл қандай пішін?

2. Бұрыштарын табамыз,
Бұған келер шамамыз,
Төбесінен сырғанап,
Құлап қалсақ күлеміз.
Бұл қандай пішін?
3. Емес бұл төртбұрыш,
Мұнда мүлде жоқ бұры
Бұл қандай пішін?
Ендеше бізге « Сиқырлы пішіндер» елінен қонақтар келген. (Осы жерде алты пішіндер келіп өлеңдерін
-Оқушылар бізге пішіндер тапсырмалар алып келген. Қане қандай тапсырма бар екен?
1.Дөңгелектің тапсырмасы«Ұқсасын табу»
(тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді. Балалар бір суреттен алып пішіндердің астына жабыстырады.
Мысалы: алма адөңгелектің астына, ал пирамида ұшбұрыштың астына, теледидар төртбұрыштың астына)

2.Шаршының тапсырмасы
Дидактикалық ойын: «Сұрақ-жауап»
Мақсаты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсету дағдысын қалыптастыру.
Көрнекіліктер: Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар.
1. кемпірқосақта неше түс бар? (7)
2. бағдаршамда неше көз бар? (3)
3. қолғапта неше саусақ бар? (5)
4. адамда қанша көз бар? (2)
5. жұлдыздың неше бұрышы бар? (5)
6. аспанда неше күн бар? (1)
7. бір жылда неше ай бар? (12)
8. бір аптада неше күн бар? (7)
9. адамда қанша саусақ бар? (10)
10.үшбұрыштың қанша бұрышы бар? (3)
3.Тіктөртбұрыштың тапсырмасы
Сергіту сәті.

Scanned with CamScanner

Бойды сергек тік ұста
Емін еркін тыныста
Деміңді ішке тез алда
Оң колыңды соз алға
Қол ұшына карада
Үш бұрыш сыз ауада
Сол колың да бос тұрмасын
Шеңбер жасап тынбасын.

4.Сопакшаның тапсырмасы
Санамақ айту.
Жалғыз саусақ тіптіде,
Ұстай алмас жіптіде.
Екі саусақ бірікті,
Ине колға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді каламды.
Өнерлі екен он саусақ
Қала салсақ, жол салсақ.
Дәптермен жұмыс

5.Үшбұрыштың тапсырмасы. Топтық жұмыс. (түрлі-түсті пішіндерден суретке карап жапсыру.)

6.Жұлдыздың тапсырмасы
Логикалық тапсырма "Кім тапқыр"
Табакта бір алма,
Қолымда екі алма.
Барлығын косканда,
Шығады неше алма ? 3
Үш алмұрттын біреуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз колыңда калады? 2
Ак балапан,
Сары балапан.
Шұбар балапан,
Қара балапан.
Барлығы неше балапан? 4
Ағашта екі торғай бар еді,
оның біреуі ұшып кетті.
Ағашта неше торғай калды?
Қорытындылау
Доп аркылы сурақ кою аркылы.
III. Қорытынды
Балалар, бүгін біз сабакта не істедік?
— Сабақ сендерге ұнады ма? Ұнаса, басбармақтарыңды жоғары көтеріңдер, ал егер ұнамаса, төмен каратыңдар.
— Несімен ұнады (ұнамады)?
— Балалар! Мен сендердің іс — әрекеттеріңді манадан сырттай бақыладым. Сендердің білімділіктеріңе, тапқырлықтарыңа сүйсіндім.
Мақтау, мадақтау, белсенділіктері үшін бәріне смайлик пішінінсыйлау.
Тәмам болды осымен,
Ашық сабақ біздегі
Қошемет, сын сіздерден,
Рахмет айту біздерден.
Сау — саламат болайық
Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: Геометриялық пішіндерді біледі.
Нені игереді: Әртүрлі геометриялық пішіндерден түрлі заттар құрастыруды.
Нені біледі: Жұмбақтардың шешуін, санамақ біледі.

Scanned with CamScanner

# Геометриялық пішіндер








Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# «Мың алғыс»

Дайындаған: Ерғазиева. Ә

Ғалымжан. Г

2023 жыл

Scanned with CamScanner

**1 наурыз алғыс айту күні**
**Тақырыбы:** «Мың алғыс»

***Мақсаты:*** балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру; үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

*Шаттық шеңбері.*
Ризамын мен бүгінге,
Ризамын мен бүгінге,
Ризамын мен бүгінге,
Ризамын мен қазірге!
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.
Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шығады.

*Әңгімелесу.*
- Балалар, сендер кімдерді жақсы көресіңдер?
- Оларды неліктен жақсы көресіңдер?
- Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді? Қалай жақсы көреді?
Ризашылық дегеніміз не?
Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?
- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?
- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?
- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?
Балалардың жауаптары тыңдалады.
Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы алғыс айта білу...
Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
Әкеге – қорған болғаны үшін,
Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
Сөзге – жанды жылытатыны үшін,
Күнге – шуағы мен назары үшін,
Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,
Досқа – құшағы мен иығы үшін,
Әжеге – ыстық алақаны үшін,
Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
Отқа – жылулығы үшін...
Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.
Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған

Scanned with CamScanner

істеріне жоғары баға беруі.

***Балалардың тақпақтары:***

Алғыс айту күнімен
Құттықтаймын сіздерді
Жаратқанаға мың алғыс
Аман еткен біздерді
Құтты болсын бүгінгі
Алғыс айту күні бұл
Туған елім мың алғыс
Қабыл ал шаттық үнім бұл (Ұлжан)

Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтанда біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Басшымыз Шынар апайға мың алғыс! (Аянат)

Жайдары жүзі ай қабақ
Жүреді бізді аймалап
Тобымызға жиі кеп
Білгеніңді сұрайтын
Ақыл айтып тұратын әдіскеріміз Әйгерім апайға көп алғыс ! (Жұлдыз)

Терең әрі тұнық та
Теңіздейі қуаты
Кірген кезде балабақшаға
Күлімдеп тек тұратын
Шаруашылық меңгерушісі Жанар апайға мың алғыс .(Көркем)

Денсаулыққа болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбдігер
Қамқоршымыз дәрігер
Самал апайға мың алғыс!

Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Қатеміз болсақ кешірген
Ержан ағайға мың алғыс!

Жақсы тамақ пісіріп

Scanned with CamScanner

Бізге үнемі береді
Ботқа көже тоқашты
Дәмді етіп пісірген Мира ,Алтынкүл аспазшы апайларға мың алғыс!

Бізге тақпақ үйретіп
Әндерді де жаттатып
Қызық ойын ойнатып
Дер кезенде ұйықтатқан тәрбиешіміз Гүлстаң апайға мың алғыс!
Бізді баптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсеке жатқызған
Басымызды сипаған
Әсем апайға мың алғыс!

Білуге біз құмармыз
Мазаңды алған шығармын
Таза сәби жүректен
Қабылдаңыз мың алғыс
Нұрдәулет ағайға мың алғыс

*Қорытындылау.*
- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдерінді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

Жауқазын тобының тәрбиеленушісі Жұлдызайдың орындауында Қарақат Әбілдинаның «Алғыс» әні.

Scanned with CamScanner

# 1 наурыз
# АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ









Scanned with CamScanner

# 25 Қазан - Республика күні

# Қазақстан – туған елім!

**Жауапты: Ш.Тлеумбетова**

2022 оқу жылы

Scanned with CamScanner

# 25 Қазан - Республика күні (Қазақстан – туған елім!)

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетінің мақсаты:
1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті: сұрақ- жауап, әңгімелеу.
Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті:
Ұйымдастыру кезеңі.
**Сәлеметсіздерме балалар!**
**Күз:** сәлеметсіздерме балалар!
Бүгін сіздерде Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті болып жатыр екен.
Дендерің сау, дастархандарың мол болсын !
Мен өзім ғана келген жоқпын, өзіммен бірге айларымды ерте келдім.
**Тәрбиеші:** Бізге қонаққа күздің қыркүйек, қазан, қараша айлары келіпті.
Осы айлар ішінен қазан айына сөз берсек.
Менің атым- қазан. Күзгі жиын-терінің соңғы айымын, еңбеккер елді той-думанға кенелтемін.
Балалар қазан айында қандай мереке күндер барын білесіңдер?

**Балалар:**- Ұстаздар күні,
-Қарттар күні,
**– Республика күні.**

Тәрбиеші: Олай болса балалар! **25-қазан Республика күніне арналған** «Қазақстан – туған елім» атты Ұйымдастырылған ашық іс-әрекетін бастаймыз.
**Хор:**Әнұран.
**Тәрбиеші:** Балалар арайлаған таңды сүйетін кім?
-Мен
Алтын сәулені сүйетін кім?
-Мен
Дархан даланы сүйетін кім?
-Мен
Ата-ананы сүйетін кім?
-Мен
Досын сүйетін кім?
-Мен
Болашағы елімнің кім?
-Мен
Кәне балалар Отан деген не?
Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.
Балалар біздің отанымыз қалай аталады?
-Біздің отанымыз Қазақстан.
Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

Scanned with CamScanner

-Біздің бас қаламыз Астана
Біздің ең алғашқы Президентіміз кім?
Н.Ә.Назарбаев
Қазіргі таңда еліміздің президенті кім?
Қасымжомарт Тоқаев

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба.

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы: орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер.

Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз.

Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық. Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім Жұмысты біз тындырдық..

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық.

**Аянат:**
Күнді құшқан қос қыран,
Аясында қалқыған.
Аспан түсті туым бар,
Көк теңіздей шалқыған.

**Ибрахим:**
Өзіңдікі туыңда,
От пен ауа, суың да.
Жаса Қазақстаным,
Белді бекем буында.

**Райым:**
Отан от басынан басталады.
Отан оттан да ыстық.

Scanned with CamScanner

**Көркем:**
Жаса жаңа Астанам
Өркен жая бастаған
Болашақтың есеігін
өз қолыңмен аш маған.

**Әлихан:**
Бұлт баспасын күнімді
Тартылмасын өрісің
Биік ұстау туымды
Қасиетті борышым.

**Әмина:**
Заман жаңа заң жаңа,
Күлімдейді кең дала.
Өз Астанам өз ордам,
Сүйенерім сен ғана.

**Шахназ:**
Қазақпын, мен қазақтың бөлшегімін,
Қажетіне өзгенің өлшемінің.
Айбарлы елдің ұлымын, айтаңбалы.
Кейіпкері емеспін ертегінің.

**Мансұр:**
Отан деген атамекен
Отан деген туған жер.
Отан ана, Отан үлкен
Қазақстан туған ел.

**Асылым:**
Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол.

**Мұстафа:**
Туған жердей жер болмас
Туған елдей ел болмас.

Тәрбиеші: Қазақ халқының мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті .
Ал халық ауыз әдебиетіндегі жол- ол даналар мәйегі. Олай болса балалар қазақтың қандай билерін білесіңдер?
«Сөз бастаған шешендер» атты көрніс тамашалайық..

**Төле би:(Лиза)**
Бір бала әкесінен өтіп туады,
Бір бала әкесіне жетіп туады,
Бір бала кері кетіп туады.

Scanned with CamScanner

**Қазбек би:(Әлия)**
Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

**Әйтеке би: (Гүлдана)**
Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң,жауыңа найзаң тисін.
**Тәрбиеші:** Даналық сөздеріңізге рахмет.

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайық.

Қоржын ішіне жасырылған сурет қиындыларын құрастырып, ненің суреті екенін айтып беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды. Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді,тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы
Тақпақ айтып жіберейік.

Бала бақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп
Мәпелейді бақшамыз.

Балалар бүгінгі Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті ұнады ма?
**Қорытынды:** Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған «Қазақстан-туған елім» атты Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті аяқталды.

**Хор:** Қазақ елі

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

# *«Төрлет, төрлет Наурыз!»*

## *ертеңгілік*

***Жауапты: Ш.Тлеумбетова***

2023 оқу жылы

Scanned with CamScanner

***Төрлет, төрлет Наурыз!» ертеңгілік***

**Мақсаты:** *Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.*

**Жүргізуші:**

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!
Босқа қарап тұрмаңыздар.
Наурыз тойы басталды.
Көргендер де армандар,
Көрмегендер де армандар,
Қызықтан тыс қалмаңдар!

"Наурыз Думан" әні орындалады қазақ киімдерін киген балалар айнала жайылған көрпелерге жайғасып отырады.

**Жүргізіуші:** Армысыздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.Жігіттер неге сендер қыздарсыз келгенсіңдер?Біздің топтың арулары қайда жүр екен?

Қамажай музыкамен НАУРЫЗ ҚЫЗ-топ қыздармен кіреді:

**Жүргізуші:** Міне біздің арулар келіп,мерекеміздің шырайын кіргізгендей.Қыздармен еріп келген қонағымыз кім болды екен?

**Наурыз қыз: Таныстырар болсам өзімді**-наурыз қыз болады есімім,Ақсақалды Қыдыр атаның немересі мен боламын «Наурыз келсе, құт келгені, халайық!»

Scanned with CamScanner

**Жүргізуші:** Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіңдер ме!

**Балалар:** Қыдыр Ата!
**Жүргізуші:** Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

**ҚЫДЫР АТА:** (______)

Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің
Ықыласпен қол жайсаң,
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

**Наурыз әже: (** шашу шашады)

Қашанда құт – береке орнасын деп,

Тойларда шашу шашу - салты елімнің.

Уа, халайық! Теріп ал несібіңді,

Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің!

**Жүргізуші:** Қыдыр ата! Наурыз әже! Ортаға жайғасыңдар бүгін біздің «Ханшайым »ауылында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар!

**Қыдыр Ата:** Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсаңдар ешқандай қарсылығымыз жоқ.

**Жүргізуші:** Қош келдің, Наурызым ардақты,
Халқым саған бар үмітті арнапты
Жылда солай келе бергін жасарып,
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.

**Музыка ойнап:**Бала жүгіріп кіреді -СҮЙІНШІ,СҮЙІНШІ -ҚАЗАҚ еліне бір батыр,көптен күткен қуаныш… деп жүгіреді..

Scanned with CamScanner

**Жүргізуші:**Кел сүйіншіңді берейін,қай бала болдың,бұл не қуаныш болды екен?

**Бала:**Көптен бала аңсап жүрген көкемдер ұлды болды-деп шығып кетеді.

**Жүргізуші:**Балалар біздің «Ханшайым»ауылымызда көптен балалы болмай жүрген Нұрдәулет ағай мен Балхаш апайдың үйінде үлкен қуаныш боп жатыр екен.Құтты болсын айтып барып келейін,сендер оған дейін келген қонақтарға тақпақтарыңды айта беріңдер.

**Ұлжан:**Күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді
Қуанышта ел енді
Наурыз келді, салтымыз
«Көгерсін»деп халқымыз
Көшеге тал егеді.

**Жұлдызай:** Күттіріп келген жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы
Елімнің дастарханына
Береке, ырыс сыйлашы

**Мансұр:***Наурыз* айы келгенде,
Күн шуағы шашылып.
Жылғалардан су ағып,
Ақ әжелер құлпырып.
*Наурыз* көже пісіріп,
Қонақтарға тартамыз.

**Ибраһим:**Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
*Наурыз* тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

**Көркем:**Кең болсын қазағымның керегесі,
Кетпесін Алла берген берекесі,
Алаштың баласына нәсіп болған,
*Құтты болсын НАУРЫЗ мереке*сі!

**Жүргізуші:**Ал,балалар өнерлеріңді көрсетіп менің жоқтығымды білдермегендеріңе көөп рахмет,сендерге тойдан САРҚЫТ ала

Scanned with CamScanner

келдім..Қыдыр атаның барын естіп санау ауыл басынан әлдиін алып **«АТ ҚОЙДЫРУҒА»** келді

**Ер жігіт пен келіншек:** Амансыздырма,қыдыр ата өзіңіздің барыңызды естіп сонау ауыл басынан жүгіріп келдім..Балама ат қойсаңыз деп ниет етсем-өзіңіздей елдің ұды болсын

**Қыдыр ата:** Халқам көп рахмет ниетіңе ,мені бір қуанышқа бөледің. Наурыз айында келген батырдың есімін-НАУРЫЗБАЙ қоямын..3рет құлағында айтады

**Аға мен жеңге|:**(шапан жауып ,рахмет айтады). Бесік әкеліп –бесікке салу рәсімін жасамақшы едік, Наурыз әже бесікке салып беріңіз..

**Наурыз әже:** Аластап бесікке салады,тыштыма көрсетеді,

**Жүргізуші:**Міне балалар тойымыздың үстіне той болып жатыр,Қазақтың салт-дәстүрімен танысып жатырмыз

-сүйіншінін не екенін көрдік

-құтты болсын айту

-сарқыт

-жаңа туған нәрестеге ат қою

-бесікке салуРәсімдерін тамашаладық.Енді сендердің өнерлеріңді тамашалайық.Тақпақтарға кезек береміз

**ЖҮРГІЗУШІ|:** Ал, халайық, тұрмайық,
Әндетейік жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға,
Жырдан шашу шашайық!

**Ән:** «                »

**Жүргізуші;** Ерітіп қарын даланың,

Жинатып гүлін саланың.

Жетелеп жұмсақ самалын,

Scanned with CamScanner

Келді Наурыз – жыл басы.

Күлімдеп қарап күміс күн,

Аспаның бүркіп пүліш түн.

Ұлы күні Ұлыстың,

Келді Наурыз – жыл басы!-дей отырып Құрметті, балалар енді сіздерді қазақтың **ұлттық ойындарын** ойнауға шақырамыз. Ойын бастамас бұрын

**1. Арқан тартыс**

**2. Қол күрес**

**Жүргізуші:** Құтты болсын әр күнің,

Сыйла, бақыт баршаға.

Сәбидің әсем шат үнін

Тыңдат абзал анаға.

Наурыз – достық,

Наурыз – күн.

Барша халық бірлігі.

Тағы келді ұлыс күн.

**Ән:** «Қазақтың ұлттық әндері»хор

**Жүргізуші:** Ертеңгілігімізді қортындылау үшін сөзді балабақша меңгерушісі **Ш.Қуанышқызына** беремізБарлықтарыңыздың наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз! Наурыз мерекесі әрқайсымызға көтеріңкі көңіл күй, қажымас қайрат, өшпес үмітпен шексіз махаббат әкелсін. Өмірлеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын.Бұл жыл баршамызға естеріңізде қаларлықтай қымбат естеліктерге толы болсын! Көңілдеріңізге береке, ынтымақ, достық пен күлкі ұяласын! Ұлыс оң болсын. Мереке құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар.

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

# Дені саудың – жаны сау!

Дайындаған: Қорғанбек Гүлстан

2023 жыл

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Дені саудың – жаны сау!

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру.
Дамытушылық: өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті бүлдіршіндер және әріптестер.Бүгінгі «Дені саудың – жаны сау»атты спорттық сайысқа қош келдіңіздер!

Спорт – көркі өмірдің,
Спорт- досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боларсың,
Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

Ортаға сайысқа қатысушы топтарды шақырамыз!

1. **Қыран тобы**
2. **Тұлпар тобы**
3. **Сұңқар тобы**

Сайысымызды бастамас бұрын әділқазы алқаларымен таныстырып өтейін:

**1. Балабақша әдіскері: Нағашыбайқызы Әйгерім**

**2.Балабақша медбикесі: Ахметова Самал**

**3.Балабақша шаруашылық меңгерушісі Алдашова Жанар**

Сайысымыз 3 – 5 балдық жүйемен бағаланады. Әр сайыс өткен сайын әділқазы алқалары балдық жүйемен бағалайды.

**Сайысымыз «6» турдан тұрады.**

1.Топтың аты,ұраны,таныстыру.

2. Аққала жасау

3.Ақ стакан

4.Трубочка фигуралар

5.Дөңгелекшемен шарикті жеткізу

6.Стакандағы суды жеткізу

Ендеше жарысымызды бастайық, топтарға іске сәт.

**1 – ойын.** Топтың аты,ұраны,эмблемамен таныстыру. Әр топ өз топтарын таныстыру қажет.

**1. Қыран тобы**

Scanned with CamScanner

**2. Тұлпар тобы**

**3. Сұңқар тобы**

1 – ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**2 – ойын.** Аққала жасау. Ойын шарты: Әр топ алдарыңызда тұрған заттарды пайдаланып аққала жасап шығару қажет. Аққала толық жасақталу керек.

2– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**3 – ойын**. Трубочка фигуралар. Ойын шарты: Үстел үстінде тұрған фигураларды бөліп жасақталу қажет. Үшбұрыш,төртбұрыш,доңгелек бұрыштарын жеке-жеке жинақтау қажет. Бұл жарысқа тек топтағы балалар ғана қатысады.

3– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

4 – ойын Ақ стакан Ойын шарты: Ақ стакандағы сандарды рет ретімен қою.

4 – ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**5 - ойын.** Доңгелекшемен шарикті жеткізу. Ойын шарты: Үлкен доңгелекпен шарикті кедергілердің арасымен өткізіп жүру,келесі ойыншыға табыстау.

5– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**6– ойын** Стакандағы суды жеткізу. Ойын шарты: Бұл ойынға топ басшылары қатысады,су толы стаканды суды төкпей,бумаганы жыртпай белгіленген жерге жеткізу қажет.

6– ойын бойынша әділқазы алқаларын бағасын білу.

**Жүргізуші:** Құрметті әріптестер, балалар!
Бүгінгі ұйымдастырылған «Дені саудың - жаны сау!» атты спорттық сайысымызды қорытындылап, әділ шешімді әділ қазылардан күтеміз.

Осымен спорттық жарысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

Scanned with CamScanner

# Дені саудың-жаны сау!













Scanned with CamScanner

«Ханшайым» жеке балабақшасы

# Тақырыбы:

«Күлкі-жанның шипасы»

**Тәрбиеші:** Ғ.Гүлназ

2023 жыл

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы:** 1 Сәуір — Күлкі күні «Күлкі - жанның шипасы»
**Мақсаты:** Балаларға көңілді, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау; Ойын шарттарын түсініп ойнауға үйрету; Ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу
Зал іші Күлкі күні мерекесіне орай безендірілген (түрлі түсті шарлармен, көңілді смайликтермен)
Тәрбиеші балалармен әуенмен амандасып алған соң орындыққа жайғаса отырады.
Тәрбиеші: Уа халайық, халайық!
Бәріміз құлақ салайық,
Бүгінгі күлкі күнінде,
Ойын ойнап, 1 күліп,
Көңілді көтеріп алайық.
Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай күн?
Балалар хормен: Күлкі күні!
Тәрбиеші: - Балалар мен бүгін
Алдар көсе атамыздан хат алдым.
Ол өзімен ойын тапсырмалар ала келеді екен.
Біздер соған дайын болуымыз керек.
Әнекей Алдар көсе атамыз келе жатыр.
Алдар көсе кіреді.
Алдар көсе: - Күнім қандай тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Бүгін бізде мереке,
Күлкі күні ерекше.
Балалар менің хатымды алдыңдар ма?
Балалар хормен: - Я Алдар көсе:
- Ендеше мен сендермен цирк ойынын ойнағым келіп тұр.
Менің сиқырлы қапшығымда сиқырлы шарлар бар.
Қане ойынымызды бастайық!
Ойын: «Кім епті» Мазмұны: Ортаға 1 – 2 баладан шығып, кішкентай шарларды Алдар көсенің шляпасына лақтыру керек.
Ойын көрермендермен де ойналады. Алдар көсе:
- Балалар көңіліміз көтеріңкі болу үшін бізге тағы кім қажет, қане ойланайықшы, ол адаммен сендер жаңа жылда т. б. мерекелерден танисыңдар.
Балалар хормен: С - А - Й - Қ - Ы - М - А - З - А - Қ
Сайқымазақ кіреді:
- Күлмейтінді күлдірген,
Жүрген жерін бүлдірген,
Көп ойнап, көп күлген,
Сайқымазақ мен боламын. Бәріңізге күлкі күнімен!!!
Мен сіздерге күлкі сыйлағым келеді.
Балалар мына смайликті өз түрлеріңмен көрсеткендеріңді қалаймын (смайликтер таратылады).
Ойын: «Менің бейнем»
Мазмұны: Қолымыздағы смайликтерге қарап көрсетілген бейнені өз бет

Scanned with CamScanner

әлпетімізбен көрсетуіміз керек.
Ойын көрермендермен де ойнатылады.
Би: «Алдар көсемен би»
Тәрбиеші: Күлкіні іздеме, ол өзіңде,
Күлкіні бағала өзің де.
Жаныңа шипа ем беретін,
Күлкі ғой бағалы өмірде. – деп ақын ағаларымыз жырлағандай таңдарыңызды күлкімен атырып, кештеріңізді күлкімен батырыңыздар. Езулеріңізден күлкі тыйылмасын,– деп сіздермен қоштасамыз.

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

**Тақырыбы:** «Ғарыш әлемі»
**Мақсаты:** Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, Еліміздің ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев жайлы әңгімелеу. Сурет бойынша әңгімелей отырып тілдік қорын жетілдіру. Балаларды ептілікке,шыдамдылыққа, шығармашылыққа баулу.
*Шаттық шеңбері*
Арайлап алтын таң атты
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды даламыз
Жайнай түссін қаламыз
Қайырлы таң,балалар!
Қайырлы таң, апайлар!
Амандасу үлкенге.
Тәрбиенің басы ғой!
Ал, қанекей, бәріміз,
Сәлем дейік үлкенге.
Тәрбиеші:
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем
-Ал көктемнің қай айы?
- Сәуір айы
12сәуір ғарышкерлер күні,осы мерекеге орай бүгінгі біздің этепін тақырыптық оқу қызметіміз «Ғарыш әлемі» деп аталады.
-Балалар ғарыш әлемін біз қалай түсінеміз? «Аспан әлемі» таныстыру
-Балалар біздің мына төбемізде әртүрлі планеталар ілулі тұр. Біз оларды ғаламшарлар дейміз.Ғаламшарлар шар, доп сияқты домалақ болады екен.
-Балалар, аспан әлемін бақылайтын құрылғыны –телескоп деп атайды. Не деп атаймыз қайталайықшы? Ал сендер қолдарыңа телескопты алып, осы ғаламшарларға қараңдар. Тағы нені көріп тұрсыңдар?
-Біз осы ғаламшарлардың ішіндегі мына «Жер» деп аталатын ғаламшарда тұрамыз.
-Қайда тұрады екенбіз?
-Жерде басқа ғаламшарда жоқ нәрселер бар екен: су топырақ, ауа.
Ғарышқа ұшатын адамды кім деп атаймыз?
-Ғарышкер.
-Балалар ғарышқа не үшін ұшады білесіңдерме?
-Дұрыс аитасыңдар! Аспан әлемін ,ғаламшарларды, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.
Балалар, ғарышқа ең алдымен , адамнан бұрын Лайка, Белка және Стрелка деген 3 ит ұшқан екен. Одан соң ең алғаш Юрий Гагарин деген Ресей азаматы ұшты. Ал қазақ жерінен Т.Әубәкіров,Т.Мусабаев, А. Аимбетов ағаларымыз ғарышқа барып қайтқан.Олар еліміздің батырлары,қаһармандары.
-Ал енді айтыңдаршы,ғарышқа немен ұшады?
Дұрыс. Ғарыш кемесімен ұшады.

Scanned with CamScanner

Ал мынау біздің «Байқоңыр ғарыш айлағы»
**Тапсырма:**Балалар ермексаздан зымыран жасап үйрету
**Д/О: «Өз орнын тап»**
Шарты: Екі орталыққа бөлінеді.
І орталық- аспан әлемін орналастырады.
ІІ орталық-жер әлемін орналастырады.
**Сергіту сәті:** Ғарышкерлер биі
**Қорытындылау.**
Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін пысықтау.
-Балалар бүгінгі күн қалай аталады?
-Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз?
-Біздер қандай ғаламда тұрамыз?
-Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты?
-Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?
-Қазақ елінен кім ғарышкерлер ғарышқа ұшты?
-Ғарышқа киетін киімді не деп атайды?
-Неге арнайы киім киеді?
Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды ғарышкердің суреті бар тәттімен мадақтау.

Scanned with CamScanner

"Ханшайым" жеке балабақшасы





# Ғарыш әлемі






Тәрбиеші: С.Балқаш
2023ж

Scanned with CamScanner

«Ханшайым жеке балабақшасы»

Тақырыбы:

# « Ұстаздарға мың алғыс!»

Жауапты: Ерғазиева Ә.

2022-2023ж

Scanned with CamScanner

# « Ұсаздарға мың алғыс!»

**Күні :7. 10. 2022ж**

**Жүргізуші:** Ұстаз қандай қасиетті сөз! Әр адамнның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяаулы тұлға.Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып құрметтейтін екі ұғым болса ,оның бірі -Ұстаз.

Олай болса қадірлі ұстаздар сіздерді төл мереклеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.Сіздердің шәкірттерді тәрбилеп ,білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!Ал уақыт тауып бүгінгі мереке арналған «Ұсатаздарға мың алғыс» ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Ажырамай ұжымынан бір елі сіз

Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз

Сөз берелік құрметпн өзіңізге

Ұстаздарға арналған тілегіңіз-дей келе

бүгінгі мерекемен құттықтау сөз кезегін балабақша меңгерушісі Ш.Женсікбаеваға береміз.

Жүргізуші: Рахмет апай сізің құрметіңізге бүлдіршініміз Аянаттың «Ардақты ұсатазым» әнін қабыл алыңыз.

Жүргізуші:

Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз

Асыға сәлем жолдап жүрекетен біз

Тәтті күй асқақ ән мен әсем биді

Сіздерге тарту етіп ұсынамыз

Би: Күзгі жапырақтар

Жүргізуші:

Сағыныш сазы толықтаған

Арнамақ сөздің мәйегін

Шәкірттерді оқытқан

Келіп тұр жолдап сәлемін бүлдершіндемріздің тақпақтарын қабыл алыңыздар

Scanned with CamScanner

1. Аянат

Ұстаздар!Қандай ғажап халықсыздар

Шәкіртке шындай биік алыпсыздар

2.Нұрсылтан

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

3.Әмина

Білімнің кәусар бұлағын

Жүресің құйып санама

4.Раяна

Біз үшін сенсің мұғалім

Ұстаз да,ғалым,дана да

5.Асылым

Ең аяулы есім гой «Ұстаз» деген

Бар тіршілік бақытты ұстазбенен

6.Мұстафа

Ұсатазды жеткізгенше мұратына

Білім іздеп лапылдап жана берем

6.Нұрсая

Ұстаздың оттай ыстық алақаны

Болған соң ойлайтыны бала қамы

7.Көркем

Баладан ұстазыма мың сан алғыс

Өйткені ол ұстазымның ақ арманы

8.Райым

Ұстаз болу-жүректің батырлығы

Scanned with CamScanner

Ұстаз болу-сезімнің ақындығы

9.Мансұр

Ұстаз болу-мінездің күн шуағы

Азбайтұғын адамның алтындығы.

Хор əн «Ұстаз ана»

Тəрбиешілердің құттықтау сөзі:

**Айгерім:**Ұстаз деген-жарық күні ғаламның

Ұстаз деген-анасы ол адамның

**Шара апай:**Бүкіл əлем мойындайды еңбегін

Сен де одан адам болып жаралдың

**Фариза апай**:Ұстазыңды түсенген сен тереңнен

Бар əлемге еңбегімен еленген

**Гулстан:**Сенің бағың өрге қарай өрлесе

Ол да бір қуанышқа кенелген

**Шынар:**Сол арқылы сен де өмірді жалғадың

Ізгі гой ұстаз тілін алғаның.

**Алия:**Мақтау алсаң ұсатздардың алдында

Ол өзіңнің орындалған арманың.

Хор мен:Шынар апай сіздей басшымыздың болғанына мың алғыс.Сізді төл мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

**Жүргізуші:** Аса құрметті ұстаздар қауымы,сіздерді тағыды меркелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!Еңбектеріңе жеміс тілей отырып мың алғыс айтамыз.Келесі кездескенше сау-саламатта болайық!

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

***Күні:01.04.2022ж***

***Тақырыбы:***

# *«Күлкі – жанның шипасы»*

## *Тәрбиеші:Г.Қорғанбек*

***2022 оқу жылы***

Scanned with CamScanner

**Күлкі - жанның шипасы**
**Мақсаты:** а) Балаларға көңілді, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау
б) Ойын шарттарын түсініп ойнауға тәрбиелеу
в) Ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу

Зал іші «Күлкі – жанның шипасы» атты мерекеге орай безендірілген ( түрлі түсті шарлармен, көңілді смайликтермен)
Балалар әуенмен жарты шеңбер жасай отырады.
**Жүргізуші:**Балаларбүгінқандайкүн?
Балалархормен: Күлкікүні!
**Жүргізуші:** - Балалар мен бүгін Алдаркөсе атамыздан хат алдым. Ол өзімен ойын тапсырмалар ала келеді екен. Біздер соған дайын болуымыз керек. Әнекей Алдаркөсе атамыз келе жатыр.
Алдар көсе кіреді.

**Мен Алдармын Алдармын**

Сақалымды тандармын

Сақал түгіл мұртта жоқ

Шайтанды да алдадым

Сусыз жерде өсемін

Сондықтан да Алдар Көсемін

Сәлеметсіздерме балалар!
Балалар менің хатымды алдыңдарма?
Балалар хормен: - Я
**Алдаркөсе:** - Ендеше мен сендермен цирк ойынын ойнағым келіптұр. Менің сиқырлы қапшығымда сиқырлы шарлар бар. Қане ойынымызды бастайық!
**Ойын: «Жүйрік ат ойыншы».**
Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді, эстафета түрінде балалар бір бірінің артынан ұстап ат сияқты шапқылайды.
Енді келесі ойынымызды ойнайық
**Ойын «Шарды досыңа беріп жібер»**
Ойын шарты: балалар орындықтарда отырып шарларды бір біріне береді. Ойынға 10-15 шар алынады.

Ендеше балалар осы керемет сәтімізді ойынымызды қорытындылап мен сіздерге смайликтер таратып берейін Сол смайликпен бүгін қандай көңіл күйде болдық Бәріміз қанекей білдірейік

Scanned with CamScanner

# Күлкі-жанның шипасы!







Scanned with CamScanner

«Ханшайым жеке балабақшасы»

Тақырыбы:

# « Қарттарым асыл қазынам!»

Жауапты: Ерғазиева Ә.

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы :** «Қарттарым асыл қазынам»
**Мақсаты:**
1-қазан қарттар күніне түсінік беру.
өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.
Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:**отбасы мүшелерінің суреттері,
**Әдіс-тәсілдер:**әңгімелеу,түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.
**Шаттық шеңбер:**
Есеніз бе,қазыналы қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын.
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетіңді жүрегімде сақтармын.
Жарайсыңдар рахмет.Енді орнымызға жайғасайық.
Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын,алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.
Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)
Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)
Атайықшы? (Кыркүйек ,казан, караша)
Дұрыс айтасындар.
Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)
Жарайсыңдар.
Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні ,Республика күні)
Дұрыс айтасыңдар .
Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.
Ол-1-қазан қарттар күні.
Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күнініне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.
**Жұмбақ:**
Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің,
Білер оны сұраған.
Ол кім? (Ата)
Аймалайды "Күнім" деп,
Мейірімді жүзі күлімдеп.
"Тәтті-ақ" дейді немере,
Бал шырындай үнің деп.
Ол кім? (Әже)
Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Scanned with CamScanner

Дұрыс айтасыңдар,балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы карттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)
Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)
Жарайсыңдар.
Балалар олай болса біз атамыздың суреттін ермексазбен бейнелейміз. Балалардың алдына Аттаның бейнеленген қағаздар таратылады. Тәрбиешінің көмегімен аттаны бейнелейді.
Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Ибрахим:**
Атамыз-біздің панамыз,
Атамыз-біздің данамыз.
Атадан ақыл аламыз,
Атадай адам боламыз.
**Айлин:**
Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.
**Данияр:**
Немересін жанынан арттық көретін,
Екі еткізбей бәрін алып беретін.
Әжелердің құшағында күн иесі,
Еркелігі үзілместен күлетін.
**Саян:**
Нағашы әжем анамның анасы,
Жиендердің ақылшысы санасы.
Қонақ болып бара қалсаң үйіне,
Бәйек болып қарсы алатын нағашы.
Жарайсыңдар балалар, өтте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.
Ендеше теледидарға назар аударайық.

**Бейне таспаға назар аудару.**
Төлендиев Рауанның орындауындағы "Ата ,әже"әнін тамашалайық .

**Суреттер бойынша әңгіме.**
Балалар сұрақтарға жауап береді.
(Өз ойларын айтады)
Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Scanned with CamScanner

**Сергету сәті:**
Шеңбер болып тұрайық,
Керегені құрайық.
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп.
Қазақ үйді құрайық,
Жарайсыңдар орнымызға отырайық.

**Дидактикалық ойын:** «Кімге не тиесілі»
Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге - ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ.
Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?
(Балалардың жауаптары)
Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы қортындылау.Балаларды мадақтау бағалау.

Scanned with CamScanner











Scanned with CamScanner